

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 20 маусымдағы № 161-VI ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат):

1) мазмұнында:

897-1, 1000, 1001, 1031 және 1036-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"897-1-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша зияткерлік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу";

"1000-бап. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру

1001-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау";

"1031-бап. Тауар белгісіне құқық беру және тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау";

"1036-бап. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі";

2) 897-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"897-1-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша зияткерлік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу

Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын, тауар белгілерін (қызмет көрсету белгілерін) пайдалануға құқықты табыстау сараптама ұйымында тіркелуге жатады.";

3) 966-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында:

"сақтай отырып" деген сөздер "сақтамай" деген сөзбен ауыстырылсын;

", бірақ" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 991-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Патент алуға құқық туындайтын өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына қойылатын талаптар "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.";

5) 998-баптың 1-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 999-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацта:

"патенттік органға (ұйымға)" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) және 3) тармақшалардағы "патенттік орган (ұйым)" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "патенттік органға (ұйымға)" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1000-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1000-бап. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру

Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалады. Айрықша құқық беру уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

8) 1001-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1001-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау

1. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензиялық, қосалқы лицензиялық шарттар жазбаша нысанда жасалады. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

9) 1002-баптың 1-тармағындағы "патенттік органына (ұйымына)" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 1011-бапта:

бірінші бөліктегі "патенттік органға (ұйымға)" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен селекциялық жетістіктердің жекелеген түрлері үшін патентті қолданудың неғұрлым ұзағырақ мерзімдері, сондай-ақ оларды ұзарту мүмкіндігі белгіленуі мүмкін.";

11) 1015-баптың 1-тармағындағы "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 1020-баптың 4-тармағында:

"кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын басқа заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің" деген сөздер "басқа жеке немесе заңды тұлғаның тауар белгісімен (қызмет көрсету белгісімен) бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болса және осындай бірдейліктің немесе ұқсастықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(фирмалық атау, тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы)" деген сөздер "(фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) құқықтық қорғау беруді жарамсыз" деген сөздер "тауар белгісіне (қызмет көрсету белгісіне) берілген құқықтық қорғауды жарамсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 1024-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бір заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасы (қызмет көрсету таңбасы) басқа заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің" деген сөздер "бір жеке немесе заңды тұлғаның тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) басқа заңды тұлғаның фирмалық атауымен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болса және осындай бірдейліктің немесе ұқсастықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 1025-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауар белгісі иелерінің оны пайдалануға құқықтарын тауар белгісінің ерекшелену қабілетіне нұқсан келтіруі мүмкін талаптармен шектеуге жол берілмейді.";

15) 1026-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1026-бап. Қазақстан Республикасының аумағында тауар белгісін құқықтық қорғау Қазақстан Республикасының аумағында құқықтық қорғау сараптама ұйымы немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа орай халықаралық ұйым тіркеген тауар белгісіне беріледі.";

16) 1027-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар белгісінің басымдығы "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа орай белгіленеді.";

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "патенттік органға (ұйымға)" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 1029-бапта:

1-тармақтағы "куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен қызмет көрсетулер сыныптарына" деген сөздер "барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "патенттік органда (ұйымда)" деген сөздер "сараптама ұйымында" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 1030-баптың 1-тармағындағы "куәлікте көрсетілген тауарлар мен қызмет көрсетулердің барлық сыныптарына" деген сөздер "тіркелген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 1031 және 1032-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1031-бап. Тауар белгісіне құқық беру және тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау

Тауар белгісіне құқық беру туралы шарт, лицензиялық, қосалқы лицензиялық шарттар жазбаша нысанда жасалады. Тауар белгісіне құқық беру немесе тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Шарттың жазбаша нысанының және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

1032-бап. Тауар белгісіне құқықты бұзғаны үшін жауаптылық

1. Тауар белгісі иесінің құқығын бұзған тұлға бұзушылықты дереу тоқтатуға және тауар белгісі иесінің шеккен залалдарын өтеуге міндетті.

2. Тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені немесе жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін пайдаланудың құқыққа сыйымдылығын айқындауға байланысты дауларды сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Тауар белгісі немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімінсіз орналастырылған тауар және оның қаптамасы контрафактілік деп танылады. Контрафактілік тауарлар және олардың қаптамалары, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылған саймандар, жабдық немесе өзге де құралдар мен материалдар осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде айналымнан шығарылуға және тәртіп бұзушының есебінен жойылуға жатады.

4. Құқық иеленуші осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда контрафактілік тауарлардан және олардың қаптамаларынан заңсыз орналастырылған тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауды талап етуге құқылы.

5. Тауар белгісі иесінің құқығын бұзған тұлға жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде жұмыстарды орындаумен немесе қызметтер көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

6. Құқық иеленуші құқық бұзу фактісі дәлелденген кезде залалдарды өтеудің орнына бұзушылықтың сипатын, тауар белгісі немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімімен орналастырылған біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып, бұзушыдан сот айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап етуге құқылы.";

20) 1033-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауар шығарылған жердің атауын құқықтық қорғау оны тіркеген кезде немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа орай беріледі.";

21) 1034-баптың 3-тармағындағы "атауына бара-бар немесе ұқсас географиялық белгілеуді ол алғаш тіркелген күнге дейін кемінде алты ай бұрын адал ниетпен пайдаланған тұлға патенттік орган (ұйым) белгілеген мерзім ішінде, бірақ аталған тіркеу күнінен бастап санағанда кемінде жеті жыл бойы" деген сөздер "атауымен бірдей немесе ұқсас географиялық белгілеуді алғаш тіркелген күніне дейін кемінде алты ай бұрын адал ниетпен пайдаланған тұлға тауар шығарылған жердің көрсетілген атауы тіркелген күннен бастап жеті жыл бойы" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 1036 және 1037-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1036-бап. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі

Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы сараптама ұйымына өтінім берілген күннен бастап есептегенде он жыл бойы қолданылады.

Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі оның иесінің соңғы қолданылу жылы ішінде берген өтініші бойынша, тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беретін шарттар сақталған кезде он жылға ұзартылуы мүмкін. Ұзартылу шектеусіз сан мәрте жүргізілуі мүмкін.

1037-бап. Тауар шығарылған жердің атауын құқыққа сыйымсыз пайдаланғаны үшін жауаптылық

1. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзған тұлға бұзушылықты дереу тоқтатуға және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің шеккен залалдарын өтеуге міндетті.

2. Тауар шығарылған жердің атауын немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені пайдаланудың құқыққа сыйымдылығын айқындауға байланысты дауларды сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Тауар шығарылған жердің атауы немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімінсіз орналастырылған тауар және оның қаптамасы контрафактілік деп танылады. Контрафактілік тауарлар және олардың қаптамалары, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылған саймандар, жабдық немесе өзге де құралдар мен материалдар осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде айналымнан шығарылуға және бұзушының есебінен жойылуға жатады.

4. Құқық иеленуші осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда контрафактілік тауарлардан және олардың қаптамаларынан заңсыз орналастырылған

тауар шығарылған жердің атауын немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауды талап етуге құқылы.

5. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзған тұлға жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде жұмыстарды орындаумен немесе қызметтер көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар шығарылған жердің атауын немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

6. Құқық иеленуші құқық бұзу фактісі дәлелденген кезде залалдарды өтеудің орнына бұзушылықтың сипатын, тауар шығарылған жердің атауы немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімімен орналастырылған біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып, бұзушыдан сот айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап етуге құқылы."

2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат.; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; 2018 жылғы 10 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

158-бапта:

бірінші абзацта:

"Бөтен тауар белгісін," деген сөздер "Тауар белгісіне айрықша құқықты түбегейлі пайдалануға байланысты жағдайларды қоспағанда, бөтен тауар белгісін," деген сөздермен ауыстырылсын;

"онымен" деген сөз "оларға" деген сөзбен ауыстырылсын;
ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Осы бапқа сәйкес тәркіленген контрафактілік тауарлар мұндай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын (тауардан және оның қаптамасынан заңсыз пайдаланылатын тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастаған кезде) жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 795-бабында көзделген тәртіппен жойылуға жатады."

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

178-баптағы "буманы" деген сөз "оларды қаптамада" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 288-баптың 1-тармағы бірінші бөлігі б) тармақшасының бірінші бөлігіндегі "өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган берген өнеркәсіптік меншік объектілеріне" деген сөздер "берілген" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 550-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

3) 553-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

4) 614-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"614-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері

Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

- 1) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танығаны үшін – 1 АЕК;
- 2) патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін – 15 АЕК;
- 3) патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркегені үшін – 1 АЕК.";

5) 623-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тануға, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеуге байланысты заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін;"

5. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бапта:

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару) – туындыларды кез келген техникалық құралдардың көмегімен, баспа мақсатынсыз жүзеге асырылатын факсимильдік қайта шығару. Техникалық құралдардың көмегімен көшірмелеуді жүзеге асыруға арналған уақытша көшірмелерді жасау жағдайларынан басқа, көшірмелеуге туындыны қайта шығару немесе оның көшірмелерін электрондық (оның ішінде цифрлық), оптикалық немесе машинамен оқылатын өзге де нысанда сақтау кірмейді;"

19) тармақша "даналарын дайындау," деген сөздерден кейін "көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару)," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Автор жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын куәландыру үшін авторлық құқықтың қорғалатын мерзімі ішінде кез келген уақытта қажетті мәліметтерді осы Заңға сәйкес Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізуге құқылы.";

4-тармақ алып тасталсын;

3) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1-бап. Мәліметтерді Тізілімге енгізу

1. Мәліметтерді және олардың өзгерістерін Тізілімге енгізу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, автордың өтініші алынған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жүргізіледі.

Тізілімде автордың өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде енгізілген мәліметтердің тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

2. Мәліметтерді Тізілімге енгізу туралы өтінішке туындының бір данасы және осы көрсетілген қызметке ақы төленгендігін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет болған жағдайда ақы төлеу мөлшерін азайту негізін растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Туындының бір данасының орнына өтінішке – эскиздер, сызбалар, суреттер немесе фотосуреттер, ал ЭЕМ-ге немесе дерекқорға арналған бағдарламаларға қатысты бағдарламаның немесе дерекқордың атауын, автордың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жасалған күнін, қолдану саласын, мақсатын, функционалдық мүмкіндіктерін, бастапқы кодын (бастапқы мәтінді), негізгі техникалық сипаттамаларын, бағдарламалау тілін, іске асырушы ЭЕМ-нің типін қамтитын реферат қоса берілуі мүмкін.

Діни мазмұндағы туындыларға қатысты дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі қосымша ұсынылады.

Құрамдас туындыға немесе туынды шығармаға қатысты төл туындының авторымен немесе құқық иеленушісімен жасалған авторлық шарттың көшірмесі қосымша ұсынылады.

3. Бөлек тең авторлықпен шығарылған туындыларға авторлық құқықтар туралы мәліметтер тең авторлардың кез келгені оны өзінің өтінішінде көрсеткен жағдайда Тізілімге бөлек енгізілуі мүмкін.

4. Тізілімге бір жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа жеке немесе заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажыратуға қызмет ететін (арналған) туындыларға құқықтар туралы мәліметтер енгізілмейді.

5. Автор құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда сараптама ұйымы өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Сараптама ұйымы осы баптың талаптары сақталмаған жағдайда қызметтерді көрсетуден бас тартады.

6. Уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша куәлік беру тиісті мәліметтерді Тізілімге енгізуді растау болып табылады.

7. Тізілімнен алынған мәліметтердің күшін жою автордың өтініші бойынша, сондай-ақ соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жүргізіледі.

8. Құжаттардың көшірмелері, тиісті туындының бір данасы және (немесе) оның сипаттамасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға автордың келісімімен беріледі.";

4) мынадай мазмұндағы 9-2-баппен толықтырылсын:

"9-2-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) мәліметтерді және олардың өзгерістерін Тізілімге енгізеді;

2) өз қызметі шеңберінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

3) Тізілімді жүргізеді және оған қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Сараптама ұйымы мәліметтерді Тізілімге енгізгені үшін көрсетілген қызметтерге ақы төлеу кезінде:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдарға;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға;

мүгедектерге, сондай-ақ бала кезінен мүгедектің ата-анасының біреуіне;

оралмандарға;

кәмелетке толмағандарға жеңілдіктер береді.

Жеңілдіктер жоғарыда санамаланған адамдар санаттарының кез келгеніне жататындығы туралы растайтын құжаттар ұсынылған кезде мәліметтерді Тізілімге енгізу жөнінде көрсетілген қызмет үшін бағаның 95 пайызы мөлшерінде беріледі.

3. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.";

5) 16-1-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым пайдаланушылармен шарттар жасасқан кезде авторлық сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген сыйақының ең төменгі мөлшерлемелерінен төмен етіп белгілеуге құқылы емес.";

6) 19-баптың 2) тармақшасы "көлемде" деген сөзден кейін "кіріс алмастан" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 32-баптың 9 және 10-тармақтарындағы "жарамсыз" деген сөз "маңызсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 40-2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым пайдаланушылармен шарттар жасасқан кезде фонограммаларды орындаушылар мен шығарушыларға сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген сыйақының ең төменгі мөлшерлемелерінен төмен етіп белгілеуге құқылы емес.";

9) 46-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын, авторлық және сабақтас құқықтардың иелері оның репертуарынан туындылар мен сабақтас құқықтардың объектілерін алып тастаған ұйым көрсетілген мерзім өткен соң пайдаланушыларға оларды пайдалануға рұқсат беруге құқылы емес.";

10) 46-2-баптың 7-тармағында:

бірінші бөліктегі "шешім қабылдайды және өтініш берушіге бес жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлік береді" деген сөздер "не аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аккредиттеу туралы куәлік өтініш берушіге бес жыл мерзімге беріледі.";

11) 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың немесе өзге де авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушілердің мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйым жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей уәкілетті органға:

1) мұндай ұйымның жарғысына және өзге де құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістерді;

2) мұндай ұйым осыған ұқсас құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасатын екіжақты және көпжақты келісімдердің көшірмелерін;

3) жалпы жиналыстың шешімдерінің көшірмелерін;

4) жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген, талап етілмеген сыйақылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, жылдық балансты, жылдық есепті;

5) авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жергілікті жерлердегі филиалдар мен өкілдіктер туралы ақпаратты беруге міндетті.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым екі жылда бір реттен сиретпей уәкілетті органға 15 сәуірден кешіктірілмейтін мерзімде аудиторлық есепті де ұсынады.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым ұсынатын құжаттарды нотариат куәландырады немесе олар осындай ұйымның мөрімен куәландырылады.";

12) 49-баптың 1-1-тармағы алып тасталсын.

6. "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; № 22-VII, 161-құжат):

1) 2-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 3-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша әрбір ұзарту жылы үшін жүргізілген төлем ескеріле отырып, бірақ он жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.";

3) 3-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізу қағидаларын;

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын;

селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын;

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерді қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) селекциялық жетістіктерді тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

4) 3-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-2-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізеді;

2) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістіктерді тіркейді және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын береді, патенттердің күшін жоюды және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуды жүзеге асырады;

3) селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркейді;

4) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер береді;

6) селекциялық жетістіктерді тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялайды;

7) тіркелген селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді мүдделі тұлғалардың өтініштері негізінде іздеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы селекциялық жетістіктерді қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру камтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.";

5) 5-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

5-тармақтың екінші бөлігіндегі "Сараптама жүргізуге арналған өтінімді мәні бойынша" деген сөздер "Патентке қабілеттілікке сараптама жүргізуге арналған өтінімді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Өтінім және оны қараудың барысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.";

б) 6-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның 5-бабының 3-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар келіп түскен күн, ал егер құжаттар бір мезгілде ұсынылмаса – олардың соңғысы келіп түскен күн сараптама ұйымына өтінім берілген күн болып табылады.";

8) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Өтінім беруші Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістік тіркелгенге дейін өтінімді кері қайтарып ала алады.";

3-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Алдын ала сараптама нәтижесінде оң шешім шығарылған өтінімдер туралы мәліметтер шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде бюллетеньде жарияланады .";

9) 10-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігіндегі "Уәкілетті орган" деген сөздер "Сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

екінші бөліктегі "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны" деген сөздер "Патент беру туралы шешімнің қабылданғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

", сондай-ақ мемлекеттік баж төлемін" деген сөздер алып тасталсын;

"Көрсетілген құжаттар" деген сөздер "Көрсетілген құжат" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөліктегі "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

6-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 12-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 13-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "уәкілетті органға" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстау

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген тұлға (лицензиат) қорғалатын селекциялық жетістікті патент иеленушінің (лицензиар) рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиармен жасалатын, лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын өзге де шарт (лицензиялық шарт) негізінде пайдалануға құқылы.

2. Лицензиялық шартта лицензиардың лицензиатқа:

1) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін және басқа тұлғаларға лицензия (қарапайым, ерекше емес лицензия) беру құқығын сақтап;

2) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап, бірақ басқа тұлғаларға лицензия (жалғыз лицензия) беру құқығынсыз;

3) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (ерекше лицензия) беру құқығынсыз селекциялық жетістікті пайдалану құқығын табыстау көзделуі мүмкін.

Лицензиялық шартта пайдалану талаптары көрсетілмеген жағдайда, селекциялық жетістікті пайдалануға құқық қарапайым, ерекше емес лицензия талаптарымен табысталады.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат селекциялық жетістікті пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі лицензиялық шартта айқындалады және тараптардың өзара келісуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Лицензиялық шартта мерзім көрсетілмеген жағдайда, селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі осы шарт тіркелген күннен бастап бес жылға тең болады.

Селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданысын тоқтату лицензиялық шарттың қолданысын тоқтатуға алып келеді.

Лицензиат селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты лицензиялық шарттың талаптарын ескере отырып, қосалқы лицензиялық шарттың немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартының негізінде басқа тұлғаға (қосалқы лицензиат) беруге

құқылы. Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиат лицензиар алдында жауапты болады.

Селекциялық жетістікке айрықша құқықты басқа тұлғаға беру лицензиялық шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

3. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстау туралы шарттар мен қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады және Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге жатады.";

13) 19-бапта:

бірінші бөліктегі "уәкілетті органға" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "төлемдер туралы шарт жасасып, оны міндетті түрде уәкілетті органда" деген сөздер "шарт жасасып, оны осы Заңға сәйкес міндетті түрде" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 20-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-1-бап. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру

1. Патент иеленуші өзіне тиесілі селекциялық жетістікке айрықша құқықты өзгеге беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы.

Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру туралы шарт осы айрықша құқықтың қолданылу мерзімі ішінде жазбаша нысанда жасалады.

2. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге жатады.";

15) 5-тарау мынадай мазмұндағы 20-2-баппен толықтырылсын:

"20-2-бап. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттары

1. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттың мүдделі тарапының өтініші алынған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде мәліметтерді Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

2. Шарттың тоқтатылуына байланысты Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізу немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тіркеудің күшін жою шарттың мүдделі тарапының өтініші келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тіркеу туралы мәліметтерде мүдделі тұлғаның өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және шарттың басқа мүдделі тараптарына жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда, олардың тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

3. Мыналар:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің болуы;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбау не ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі мәліметтерге сәйкес келмеуі тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздер болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды жою туралы сұрау салу жіберіледі. Тіркеу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға тоқтатыла тұрады.

5. Мыналар:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің өтуі;

2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоюға арналған мерзімнің өтуі;

3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;

4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;

5) тарапта селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстауға кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.";

16) 21-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

17) 22-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "уәкілетті органға" деген сөздер "сараптама ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 22-1 және 22-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті орган жанындағы, өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы орган болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске сараптама ұйымының:

1) селекциялық жетістікке патент беруге арналған өтінімді қараудан;

2) селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы шешімдеріне қарсылық берілуі мүмкін.

Көрсетілген қарсылықтарды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

3. Апелляциялық кеңестің құрамына агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы және селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдардан қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс.

4. Апелляциялық кеңестің құрамына мыналар кіре алмайды:

- 1) патенттік сенім білдірілген өкілдер;
- 2) жұбайлары, жақын туыстары немесе жекжаттары;
- 3) сараптама ұйымының қызметкерлері.

5. Апелляциялық кеңестің кез келген мүшесі:

1) осы баптың 4-тармағының негізінде апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар мәлімдеген өздігінен бас тарту немесе қарсылық білдіру жағдайында;

2) еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты болмаған жағдайда ауыстырылуы мүмкін.

6. Апелляциялық кеңестің әрбір отырысы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бейнетүсіру қолданылып жүргізіледі.";

"22-3-бап. Қарсылықты қарау

1. Қарсылықты қарауды апелляциялық кеңес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және осы Заңда көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.

2. Қарсылық беруге арналған мерзім өткізіп алынған кезде апелляциялық кеңес ұсынылған құжаттардың негізінде мерзімді өткізіп алу себептерін дәлелді деп таныған жағдайда, оны қарауға қабылдай алады.

3. Қарсылықты қарау мерзімі өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Апелляциялық кеңес:

1) қарсылықты мәлімдеуші қарсылықты өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген жағдайды қоспағанда, өзі келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақыттың қажеттігі туралы өтінішхат берген жағдайда, отырыс өткізілетін күнді ауыстыруға құқылы.

5. Апелляциялық кеңес мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;
- 2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;
- 3) қарсылықты қараудан бас тарту туралы;
- 4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық кеңес өзінің бастамасы бойынша қарсылықтың нысанасын немесе негізін өзгертуге құқылы емес.

6. Апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қарсылықты қараған кезде тең құқықтарды пайдаланады. Апелляциялық кеңестің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

7. Қабылданған шешім шығарылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты мәлімдеушіге жіберіледі.

8. Апелляциялық кеңес қабылданған шешімде жіберілген қате жазуларды немесе айқын техникалық қателерді өз бетінше немесе отырысқа қатысушылардың өтінішхаты бойынша түзете алады.

Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің қосымша шешімімен ресімделеді.

9. Апелляциялық кеңес қарсылықты мәлімдеушінің өтінішхаты бойынша қарсылықты қараусыз қалдыра алады. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді.

10. Қабылданған шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

19) 22-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.";

20) 22-6-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"22-6-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және күшін жою туралы тиісті мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.";

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

21) 23-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мынадай даулар:";

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) патентті жарамсыз деп тану туралы;";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Даулар осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация тәртібімен шешілуі немесе төреліктің қарауына берілуі мүмкін.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 22-1-бабының 2-тармағында көрсетілген сараптама ұйымының шешімдеріне қарсылықтар апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.";

22) 25-баптың бірінші бөлігі алып тасталсын;

23) 28-баптың 2-тармағындағы "және өзге де нормативтік құқықтық актілерден" деген сөздер алып тасталсын.

7. "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар):

1) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын;

өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік

тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын;

өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларын;

тиісті мемлекеттік тізілімдерден үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерді қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

2) 4-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерге сараптама жүргізеді;

2) өнеркәсіптік меншік объектілерін тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркейді және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын береді, патенттерді жарамсыз деп таниды және олардың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады;

3) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркейді;

4) тиісті мемлекеттік тізілімдерді, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) тиісті мемлекеттік тізілімдерден үзінді көшірмелер береді;

6) өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеуге жататын мәліметті бюллетеньде жариялайды;

7) тіркелген өнеркәсіптік меншік объектілері туралы мәліметтерді мүдделі тұлғалардың өтініштері негізінде іздеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.";

3) 5-бапта:

3-тармақтың алтыншы бөлігі алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өнертабыс пен пайдалы модельге патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемі – олардың формуласымен, ал өнеркәсіптік үлгіге патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемі бұйымның сыртқы түрінің кескіндерінде көрсетілген оның елеулі белгілерінің жиынтығымен айқындалады. Өнертабыстың, пайдалы модельдің формуласына түсінік беру үшін сипаттама мен сызбалар пайдаланылуы мүмкін.";

4) 8-баптың 1-тармағындағы "және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің тізбесінде келтірілген" деген сөздер алып тасталсын;

5) 9-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасындағы өнертапқыштық қызметті насихаттау және ол туралы хабардар болуды арттыруды қолдау мақсатында уәкілетті орган ғылым, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар, бәсекеге қабілетті, экологиялық қауіпсіз өнертабыстарды іріктеу бойынша жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу, сондай-ақ неғұрлым маңызды және кеңінен пайдаланылатын өнертабыстардың авторлары үшін "Еңбек сіңірген өнертапқыш" атағын беру тәртібін әзірлейді және айқындайды.";

6) 11-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға айрықша құқық және мәжбүрлі ерекше емес лицензияны беру шарттары";

2-тармақтың төртінші бөлігіндегі "бұйымның ұсынылған кескіндерінде (макетінде) көрсетілген және негізгі белгілерінің тізбесінде келтірілген" деген сөздер "сыртқы түрдің кескіндерінде көрсетілген оның" деген сөздермен ауыстырылсын;

6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтар алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру

1. Патент иеленуші өзіне тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты өзгеге беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру туралы шарт осы айрықша құқықтың қолданылу мерзімі шегінде жазбаша нысанда жасалады.

2. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелуге жатады.";

8) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстау

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген тұлға (лицензиат) қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін патент иеленушінің (лицензиардың) рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиармен жасалатын, лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын өзге де шарт (лицензиялық шарт) негізінде пайдалануға құқылы.

2. Лицензиялық шартта лицензиардың лицензиатқа:

1) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін және басқа тұлғаларға лицензия (қарапайым, ерекше емес лицензия) беру құқығын сақтап;

2) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап, бірақ басқа тұлғаларға лицензия (жалғыз лицензия) беру құқығынсыз;

3) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (ерекше лицензия) беру құқығынсыз өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын табыстау көзделуі мүмкін.

Лицензиялық шартта пайдалану талаптары көрсетілмеген жағдайда, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық қарапайым, ерекше емес лицензия талаптарымен табысталады.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі лицензиялық шартта айқындалады және тараптардың өзара келісуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Лицензиялық шартта мерзім көрсетілмеген жағдайда, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі осы шарт тіркелген күннен бастап бес жылға тең болады.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың қолданысын тоқтату лицензиялық шарттың қолданысын тоқтатуға алып келеді.

Лицензиат өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты лицензиялық шарттың талаптарын ескере отырып, қосалқы лицензиялық шарттың немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартының негізінде басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа) беруге құқылы. Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиат лицензиар алдында жауапты болады.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты басқа тұлғаға беру лицензиялық шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

3. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстау туралы шарттар мен қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады және тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелуге жатады.";

9) мынадай мазмұндағы 14-1 және 14-2-баптармен толықтырылсын:

"14-1-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттары

1. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттың мүдделі тарапының өтініші алынған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде мәліметтерді тиісті мемлекеттік тізілімдерге енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

2. Шарттың тоқтатылуына байланысты тиісті мемлекеттік тізілімдерге өзгерістер енгізу немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тіркеудің күшін жою шарттың мүдделі тарапының өтініші келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тіркеу туралы мәліметтерде мүдделі тұлғаның өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және шарттың басқа мүдделі тараптарына жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда, олардың тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

3. Мыналар:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің болуы;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбау не ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің тиісті мемлекеттік тізілімдердегі немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес жүргізілетін тізілімдегі мәліметтерге сәйкес келмеуі тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздер болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды жою туралы сұрау салу жіберіледі. Тіркеу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға тоқтатыла тұрады.

5. Мыналар:

- 1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің өтуі;
- 2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоюға арналған мерзімнің өтуі;
- 3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;
- 4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;
- 5) тарапта өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауға кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

14-2-бап. Ашық лицензия

1. Патент иеленуші сараптама ұйымына өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты (ашық лицензия) кез келген тұлғаға табыстау туралы өтініш бере алады.

2. Патент иеленушінің ашық лицензияға құқықты табыстау туралы өтініші кері қайтарып алуға жатпайды және оны тіркеген күнінен бастап үш жыл бойы өз күшін сақтайды. Көрсетілген мерзім шегінде қорғау құжатын күшінде сақтағаны үшін ақы төлеу тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелген жылдан кейінгі жылдан бастап 50 пайызға төмендетіледі.

3. Ашық лицензияны сатып алуға ниет білдірген тұлға патент иеленушімен жазбаша нысанда тиісті шарт жасасуға міндетті.

Шарт жасасу талаптары бойынша дауларды сот қарайды.

4. Ашық лицензияға құқықты табыстау патент иеленушінің немесе мүдделі тұлғаның өтініші қажетті құжаттармен қоса алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тіркелуге жатады.";

10) 16-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінім және оны қараудың барысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.";

11) 17-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнертабысқа өтінімге:

1) формальды сараптама жүргізгені үшін ақы төлеуді қоса алғанда, өтінім беруге ақы төленгенін;

2) ақы төлеу мөлшерін азайту негізін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Тиісті ақы төленген жағдайда бұл мерзім екі айға ұзартылады.";

4-тармақ алып тасталсын;

12) 18-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

13) 19-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілері туралы толық егжей-тегжейлі түсінік беретін бұйымның сыртқы түрінің кескіндерін көшірмелеу үшін жарамды жиынтығы;"

"4) өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы;"

4-тармақ алып тасталсын;

14) 22-бапта:

9-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Егер өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде сараптама ұйымы өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлеміндегі мәлімделген ұсыныс осы Заңның 6-бабында айқындалған өнертабыстың патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, онда өнертабысқа патент беру туралы шешім шығарылады."

;

екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

төртінші бөлікте:

"уәкілетті органның" деген сөздер "сараптама ұйымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

", сондай-ақ мемлекеттік баж төленгенін" деген сөздер алып тасталсын;

"Көрсетілген құжаттар" деген сөздер "Көрсетілген құжат" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақта:

бірінші бөліктегі "сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі" деген сөздер "өнертабысқа патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Патент беруден бас тарту туралы шешім мынадай жағдайларда:"

үшінші бөліктегі "теріс қорытындысы" деген сөздер "патент беруден бас тарту туралы шешімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 23-бапта:

2-тармақта:

екінші бөліктегі "пайдалы модельге патент беруге сараптама жасау ұйымының оң қорытындысы беріледі" деген сөздер "сараптама ұйымы пайдалы модельге патент беру туралы шешім қабылдайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші, төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

алтыншы бөлікте:

"Уәкілетті органның" деген сөздер "Сараптама ұйымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

", сондай-ақ мемлекеттік бажды төлегенін" деген сөздер алып тасталсын;

"Көрсетілген құжаттар" деген сөздер "Көрсетілген құжат" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші сөйлемдегі "сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі" деген сөздер "пайдалы модельге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі" деген сөздер "патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "теріс қорытындысына" деген сөздер "патент беруден бас тарту туралы шешіміне" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 24-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі ", оның ішінде елеулі белгілердің өзгертілген тізбесін" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақта:

бірінші бөліктегі "онда сараптама жасау ұйымы белгіленген басымдықты көрсете отырып, өтінім берушімен келісілген елеулі белгілер жиынтығымен бірге патентке оң қорытынды береді" деген сөздер "белгіленген басымдықты көрсете отырып, патент беру туралы шешім беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

төртінші бөлікте:

"Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама" деген сөздер "Патент беру туралы шешім" деген сөздермен ауыстырылсын, ", сондай-ақ мемлекеттік баж төлемін" деген сөздер алып тасталсын;

"Көрсетілген құжаттар" деген сөздер "Көрсетілген құжат" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Егер өтінім өнеркәсіптік үлгілер ретінде қорғалмайтын объектілерге жататын болса немесе өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талаптарының бұзылуына байланысты оларға қатысты қарау өткізілмесе де, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Өтінім беруші сараптама ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешіміне жіберілген күнінен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы. Апелляциялық кеңес қарсылықты келіп түскен күнінен бастап екі ай мерзімде қарауға тиіс.";

17) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін тіркеу және қорғау құжатын беру

1. Сараптама ұйымы тиісті мемлекеттік тізілімдерде:

1) қорғау құжаттарын, ашық немесе мәжбүрлі лицензияны беруді;

2) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді;

3) өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды;

4) берілген патентті мерзімінен бұрын тоқтатуды немесе жарамсыз деп тануды тіркеуді жүзеге асырады.

Тиісті мемлекеттік тізілімдер сараптама ұйымының интернет-ресурсына орналастырылады.

2. Тіркеу туралы мәліметтер апта сайын бюллетеньде жарияланады.

3. Патент өтінім берушіге мәлімделген авторлар санына қарамастан жалғыз данада беріледі. Автор куәлігі патент беруге арналған өтінімде көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектісінің әрбір авторы үшін өтінім берушіге беріледі.";

18) 29-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

19) 30-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктегі "Апелляциялық кеңес шешімінің немесе сот" деген сөздер "Сот" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "уәкілетті органның" деген сөздер алып тасталсын, "шешімінің" деген сөз "шешімнің" деген сөзбен ауыстырылсын;

20) 32 және 32-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"32-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті орган жанындағы, өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы орган болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске сараптама ұйымының өнеркәсіптік меншік объектісіне патент беруден бас тарту туралы шешіміне қарсылық берілуі мүмкін.

Көрсетілген қарсылықтарды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

3. Апелляциялық кеңестің құрамына өнертабыстарды, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы, ғылым, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдардан қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс.

4. Апелляциялық кеңестің құрамына мыналар кіре алмайды:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдер;

2) жұбайлары, жақын туыстары немесе жекжаттары;

3) сараптама ұйымының қызметкерлері.

5. Апелляциялық кеңестің кез келген мүшесі:

1) осы баптың 4-тармағының негізінде апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар мәлімдеген өздігінен бас тарту немесе қарсылық білдіру жағдайында;

2) еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты болмаған жағдайда ауыстырылуы мүмкін.

6. Апелляциялық кеңестің әрбір отырысы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бейнетүсіру қолданылып жүргізіледі.";

"32-2-бап. Қарсылықты қарау

1. Қарсылықты қарауды апелляциялық кеңес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және осы Заңда көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.

2. Қарсылық беруге арналған мерзім өткізіп алынған кезде апелляциялық кеңес ұсынылған құжаттардың негізінде мерзімді өткізіп алу себептері дәлелді деп танылған жағдайда, оны қарауға қабылдай алады.

3. Қарсылықты қарау мерзімі өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Апелляциялық кеңес:

1) қарсылықты мәлімдеуші қарсылықты өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген жағдайды қоспағанда, өзі келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақыттың қажеттігі туралы өтінішхат берген жағдайда, отырыс өткізілетін күнді ауыстыруға құқылы.

5. Апелляциялық кеңес мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қараудан бас тарту туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық кеңес қарсылықтың нысанасын немесе негізін өз бастамасы бойынша өзгертуге құқылы емес.

6. Апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қарсылықты қараған кезде тең құқықтарды пайдаланады. Апелляциялық кеңестің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

7. Қабылданған шешім шығарылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты мәлімдеушіге жіберіледі.

8. Апелляциялық кеңес қарсылықты мәлімдеушінің өтінішхаты бойынша қарсылықты қараусыз қалдыра алады. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді.

9. Қабылданған шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

21) мынадай мазмұндағы 32-3 және 32-4-баптармен толықтырылсын:

"32-3-бап. Апелляциялық кеңестің шешіміндегі қате жазуларды және айқын техникалық қателерді түзету

1. Шешім шығарған апелляциялық кеңес қарсылық бойынша шешім жарияланғаннан кейін оның күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы емес.

2. Апелляциялық кеңес шешімде жіберілген қате жазуларды немесе айқын техникалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе қарсылықты қарауға қатысатын тұлғалардың өтініші бойынша түзете алады.

Түзетулер енгізу туралы мәселе апелляциялық кеңестің отырысында шешіледі. Қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаларға апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы хабар беріледі, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

3. Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің қосымша шешімімен ресімделеді.

32-4-бап. Қарсылықты қараусыз қалдыру

1. Апелляциялық кеңес, егер:

1) қарсылық берген, апелляциялық кеңес отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабар берілген, қарсылықты өзі болмағанда қарау туралы мәлімдемеген тұлға апелляциялық кеңестің отырысына екінші рет шақырғанда келмесе ;

2) қарсылық берген тұлғаның өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы өтінішхаты болса, қарсылықты қараусыз қалдырады.

2. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасына түсіріледі.";

22) 33-баптың 1-тармағы:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) патентті жарамсыз деп тану туралы;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Даулар осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 7) және 10) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация тәртібімен шешілуі немесе төреліктің қарауына берілуі мүмкін.";

23) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті органның патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу жөніндегі әрекеттерді жасағаны үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес мемлекеттік баж алынады.";

24) 36-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.";

25) 36-2-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"36-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және күшін жою туралы тиісті мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.";

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

26) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Өнеркәсіптік меншік объектілерін халықаралық тіркеу

Өнеркәсіптік меншік объектілерін халықаралық тіркеу сараптама ұйымына өтінім беру жолымен жүзеге асырылады.

Өтінімдерді қарау қағидаларын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес бекітеді.";

27) 38-баптың 2-тармағындағы "осы заңнан және басқа да заң актілерінен" деген сөздер "осы Заңнан" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "тауар белгісінің немесе тауар шығарылған жердің атауын", "тауар таңбасының немесе тауар шығарылатын жердің атауын" деген сөздер тиісінше "тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе тауар шығарылған жердің атауын", "тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе тауар шығарылған жердің атауын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) бүкіл мәтін бойынша "араласып кеткен дәрежеге дейін оларға ұқсас белгілерді", "олар араласып кеткен дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас белгілер", "айырғысыз дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас", "аумаытындай дәрежеде онымен бірдей немесе ұқсас", "бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас", "араласып кеткен дәрежеге дейін олармен ұқсас белгілерді", "араласып кеткен дәрежеге дейін олармен ұқсас белгілерді", "араласып кеткен дәрежеге дейін онымен ұқсас белгіні", "олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме", "олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені", "онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені" деген сөздер тиісінше "оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді", "бірдей немесе олар айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер", "бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас", "бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас", "бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас", "оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді", "оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені", "оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені", "оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме", "оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені", "оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі – уәкілетті органның мүдделі тұлғалар дәлелдемелеріне негізделген шешімімен жалпыға бірдей белгілі деп танылған, тауар белгісі ретінде пайдаланылып жүрген белгілеме немесе тауар белгісі;"

мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) Мадрид келісіміне хаттама – 1989 жылғы 28 маусымдағы Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттама;"

9) тармақшада:

"және (немесе) олардың" деген сөздер "олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бумасында қолдану," деген сөздер "қаптамаларында орналастыру," деген сөздермен ауыстырылсын;

"азаматтық" деген сөз алып тасталсын;

4) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

тауар белгілеріне және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын;

тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде және Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларын;

тауар белгісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға құқықты табыстауды Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын;

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен және Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес тауар белгілеріне арналған өтінімдерді қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені;

тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің, апелляциялық комиссияның және тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссияның қызметін ұйымдастыру;

б) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

5) 3-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) тауар белгілеріне және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізеді;

2) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде және Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркейді және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын береді, тіркеудің қолданысын тоқтатуды және оны жарамсыз деп тануды жүзеге асырады;

3) тауар белгісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға құқықты табыстауды Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркейді;

4) Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімін және Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімін, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен және Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер береді;

6) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялайды;

7) тіркелген тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлердің атауларының мәліметтерін мүдделі тұлғалардың өтініштері негізінде іздеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес тауар белгілеріне және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.";

б) 4-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауар белгілерін құқықтық қорғау жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Тауар белгісіне айрықша құқық тауар белгісі Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген күннен бастап туындайды.

3. Тауар белгісіне құқық куәлікпен куәландырылады және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады.

Куәліктің нысанын уәкілетті орган белгілейді.";

7) 6-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "Көрсетілген белгілер тауар таңбасында басымдық" деген сөздер "Егер көрсетілген белгілемелер тауар белгісінде үстем" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "қатысты жалған болып табылатын немесе жаңылыстыруы мүмкін белгілерді, оның ішінде тауар шығарылған жерге қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектінің атауларын" деген сөздер ", көрсетілетін қызметке немесе көрсетілетін қызметті беретін тұлғаға, сондай-ақ тауар өндірілген жерге қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектілердің атауларына қатысты жалған болып табылатын немесе жаңылыстыруы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 7-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

1) тармақша "біртектес тауарларға" деген сөздердің алдынан "осы Заңның 6-тарауына сәйкес тіркелуі жарамсыз деп танылған немесе оның қолданысы тоқтатылған тауар белгілерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "қайтарып алынғандарынан" деген сөздер "кері қайтарып алынғандарынан және тоқтатылғандарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "келісімі берілген кезде" деген сөздер "жазбаша келісімі берілген жағдайда" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер иесі заңды тұлға болып табылса, онда жазбаша келісім фирмалық бланкіде ұсынылуға, оған уәкілетті адам қол қоюға және заңды тұлғаның мөрімен (бар болған жағдайда) бекемделуге тиіс, ал егер иесі жеке тұлға болса, онда қолтаңбаны нотариат куәландыруға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Мәдениет саласындағы уәкілетті органмен келісілудің болмауы Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті игілігін жаңғыртатын белгілемені тауар белгісі ретінде тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

4. Осы бапта көзделген бас тартуға негіздер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес тауар белгілері ретінде Қазақстан Республикасының аумағында құқықтық қорғау алуға мәлімделген белгілемелерге қатысты да қолданылады.";

9) 8-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

10) 9-бапта:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өтінім:";

3-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сараптама жүргізгені үшін көрсетілетін қызметке ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда сенімхаттың көшірмесі;"

6-тармақ алып тасталсын;

11) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Өтінімге сараптама жүргізу тәртібі

1. Өтінімге сараптама кезең-кезеңімен жүргізіледі:

1) алдын ала сараптама – өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) толық сараптама – өтінім берілген күннен бастап жеті ай ішінде.

2. Сараптама ұйымы сараптаманың кез келген кезеңінде оларсыз сараптама жүргізу мүмкін болмайтын қосымша немесе нақтылаушы мәліметтерді сұратуға құқылы.

Өтінім беруші сұратылатын мәліметтерді сараптама жүргізу мерзімі ішінде ұсынбаған және (немесе) осы мерзімді ұзарту туралы өтінішхат болмаған жағдайларда, өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі.

3. Өтінімді қарау барысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.";

12) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Өтінім туралы мәліметтерді жариялау

1. Алдын ала сараптама аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінім туралы мәліметтер апта сайынғы бюллетеньде жарияланады.

2. Берілген өтінімдер туралы мәліметтерде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) мәлімделген белгілеменің кескіні;

2) өтінім беруші туралы деректер, оның ішінде өтінім берушінің және (немесе) оның өкілінің мекенжайы;

3) өздеріне қатысты белгіні тіркеу сұралатын тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі;

4) өтінімнің нөмірі мен сараптама ұйымына берілген күні;

5) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, бірінші өтінімді берген ел, өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

6) ұжымдық тауар белгісіне нұсқау.";

13) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Өтінім сараптамасының нәтижелері бойынша шешімдер

1. Алдын ала сараптама нәтижелері бойынша өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберіледі.

2. Өтінім қабылданған жағдайда сараптама ұйымы толық сараптама жүргізеді, оның нәтижелері бойынша өтінім берушіге тауар белгісін тіркеу, алдын ала ішінара тіркеу немесе тіркеуден алдын ала бас тарту туралы сараптама қорытындысы жіберіледі.

Өтінім беруші өзіне тіркеуден бас тарту немесе ішінара тіркеу туралы алдын ала сараптама қорытындысы жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде уәжді қарсылық беруге құқылы, оны қарау нәтижелері бойынша сараптама ұйымы қарсылық келіп түскен күннен бастап үш ай ішінде түпкілікті қорытынды шығарады.

Түпкілікті қорытындының негізінде сараптама ұйымы тауар белгісін тіркеу, ішінара тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Тауар белгісін тіркеу немесе ішінара тіркеу туралы шешім Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне оны енгізгенге дейін неғұрлым ертерек басымдығы бар өтінімнің анықталуына байланысты қайта қаралуы мүмкін.

4. Өтінім беруші тіркеу немесе ішінара тіркеу туралы қабылданған шешім туралы хабарлама өзіне жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тауар белгісін тіркегені үшін сараптама ұйымы көрсеткен қызметке ақы төлеуді жүргізеді. Көрсетілген қызметке ақы төлеу туралы құжатты ұсынбаған кезде тауар белгісіне өтінім кері қайтарып алынды деп танылады және ол бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

5. Түпкілікті қорытындымен келіспеген кезде өтініш беруші осы қорытынды өзіне жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Апелляциялық кеңес қарсылықты уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап төрт ай мерзімде қарауға тиіс.";

14) 13-бапта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) тауар белгісі Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгенге дейін тауар белгісін алуға құқықты басқа тұлғаға беру туралы өтінішхат беруге;"

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) тауар белгісі Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгенге дейін өтінім берушінің атауына және мекенжайына өзгерістер енгізуге құқығы бар.";

15) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар белгісін тіркеу туралы мәліметтер сараптама ұйымының тауар белгісін тіркегені үшін көрсеткен қызметтеріне ақы төленген кезде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілетін мәліметтерде мыналар қамтылуға тиіс:

1) тауар белгісінің кескіні;

2) оның иесі және (немесе) оның өкілі туралы деректер. Ұжымдық тауар белгісіне қатысты иелерінің деректері және ұжымдық тауар белгісін пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізбесі көрсетіледі;

3) тауар белгісін тіркеу нөмірі мен күні;

4) өздеріне қатысты тауар белгісі тіркелген тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі;

5) өтінімнің нөмірі мен сараптама ұйымына берілген күні;

6) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, бірінші өтінімді берген ел, өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

7) тауар белгісіне құқыққа билік ету туралы деректерді қоса алғанда, тауар белгісін тіркеуге жататын басқа да ақпарат.";

16) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімі оның қолданылуының соңғы жылы ішінде иесі берген өтінішхат бойынша әр жолы он жылға ұзартылады. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер сараптама ұйымына өтінішхат келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне және куәлікке енгізіледі.";

17) 16 және 18-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау

Тауар белгісін тіркеуге қатысты, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтерді сараптама ұйымы олар Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тікелей жазылғаннан кейін екі ай ішінде бюллетеньде жариялайды және өзінің интернет-ресурсына орналастырады. Тіркелген тауар белгілеріне қатысты өзгерістерді сараптама ұйымы мәліметтер Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өзінің интернет-ресурсына орналастырады және мәліметтер Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілгеннен кейін келесі айдың бюллетенінде жариялайды.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне және куәлікке ұжымдық тауар белгісінің иелері туралы мәліметтер қосымша енгізіледі.";

"18-1-бап. Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану

1. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар белгісі немесе Қазақстан Республикасында құқықтық қорғалмайтын тауар белгісі ретінде пайдаланылатын, белсенді пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында кеңінен мәлім болған белгілеме уәкілетті органның шешімімен Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы жеке немесе заңды тұлғалардың өтініші уәкілетті органға беріледі.

Өтініш бір тауар белгісіне немесе белгілемеге қатысты болуға және онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) тұрғылықты жері немесе орналасқан жері көрсетіле отырып, өтініш беруші туралы мәліметтер;

2) жалпыға бірдей белгілі белгі ретінде мәлімделген тауар белгісінің немесе белгілеменің кескіні;

3) өтініш берушінің пікірі бойынша белгі жалпыға бірдей белгілі болған күн;

4) өтініш берушінің пікірі бойынша белгі өздеріне қатысты жалпыға бірдей белгілі болған тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі.

2. Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) тауар белгісінің немесе белгілеменің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтер;

2) 8x8 сантиметр форматпен саны бес данадағы тауар белгісінің немесе белгілеменің кескіні;

3) өтінішті өкіл берген жағдайда сенімхаттың көшірмесі;

4) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат.

Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтінішті уәкілетті органның тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – уәкілетті органның комиссиясы) қарайды.

Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтінім алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы өтінімнің және оған қоса берілетін құжаттардың осы баптың талаптарына сәйкестігі тексеріледі.

Тексерудің оң нәтижесі алынған жағдайда, сараптама ұйымы келіп түскен өтінім туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Жарияланған күннен бастап үш ай өткен соң уәкілетті органның комиссиясы екі ай ішінде өтінімді және белгінің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын оған қоса берілетін материалдарды қарайды.

Өтінім беруші өтінім материалдарына оны қарау аяқталғанға дейін түзетулер, толықтырулар мен нақтылаулар енгізуге құқылы.

Үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушілік болған кезде өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі, өтінім беруші оған қатысты пікірін өтінімді қарау нәтижелері бойынша қорытынды шығарылғанға дейін ұсынады.

Өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның комиссиясы тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану не мұндай танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол мұндай шешім қабылданған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тауар белгісінің иесіне (құқық иеленушіге) жіберіледі.

Егер өтінім беруші ұсынған нақты мәліметтер белгінің жалпыға бірдей белгілі болуы өтінімде көрсетілгеннен өзге күн екенін растаса, тауар белгісі нақты күннен бастап жалпыға бірдей белгілі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп іс жүзінде тану туралы мәліметтер тұтынушыларға сауал қою нәтижелерімен расталады, оны Қазақстан Республикасының аумағындағы мамандандырылған тәуелсіз ұйым жүргізеді. Сауал қою республикалық маңызы бар қаланы, астананы және кемінде бес облыстық маңызы бар қаланы қамтуға тиіс. Бір елді мекендегі респонденттердің жалпы саны кемінде бір жүз адамды құрауға тиіс.

Егер:

1) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану үшін мәліметтердің жеткіліксіз екені;

2) өтініш берушінің тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас, қорғалатын немесе біртектес тауарларға қатысты өзге тұлғаның атына мәлімделген, өтініш беруші өзінің тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тануға өтінішхат берген күннен неғұрлым ертерек басымдығы бар тауар белгісінің бар екені анықталса, тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

Уәкілетті орган комиссиясының шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

3. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне осы Заңда көзделген құқықтық қорғау беріледі.

4. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерін құқықтық қорғау:

1) тіркеудің қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты;

2) кез келген мүдделі тұлғаның соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жалпыға бірдей белгілі мәртебесін жоғалтуына байланысты жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін құқықтық қорғауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші бойынша;

3) уәкілетті орган комиссиясы шешімінің күшін жою туралы соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тоқтатылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, белгілемені немесе тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану негізінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тиісті мәліметтер енгізіледі.

Жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісінің қолданылу мерзімі белгілемені немесе тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтініш уәкілетті органға берілген күннен бастап есептеледі.

Жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісінің қолданылу мерзімі оның иесінің өтінішхаты бойынша және тауар белгісінің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтер ұсынылған кезде келесі он жыл мерзімге ұзартылады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеу, оның иесі туралы мәліметтер және осындай тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньде жарияланады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне құқық Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгені туралы жазбамен куәландырылады және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін құқықтық қорғаудың тоқтатылғаны туралы мәліметтер Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады және сараптама ұйымының бюллетенінде жарияланады.";

18) 19-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауар белгісін басқа тауар белгісімен қатар пайдалануды шектеуге, тауар белгісін өзгертілген түрде, оның ішінде басқа шрифтінде, басқа түсте орындауда, басқа нысанда пайдалануға немесе тауар белгісінің бір жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа жеке немесе заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) айыратын қабілетіне нұқсан келтіретіндей тәсілмен пайдалануға тыйым салынады.";

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кез келген мүдделі тұлға қарсылық беру күнінің алдындағы үш жыл бойы тауар белгісінің пайдаланылмауына байланысты оның тіркелуіне сотта дау айта алады. Тіркеу әрекетіне қарсы өтініш куәлікте көрсетілген барлық тауарларға не олардың бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін.";

екінші бөлікте:

"азаматтық" деген сөз алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

6 және 7-тармақтар алып тасталсын;

19) 20-баптағы "тауар таңбасына", "тауар таңбасы" деген сөздер "тауар белгісіне", "тауар белгісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 21 және 23-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Тауар белгісіне айрықша құқық және оны пайдалануға құқық беру

1. Барлық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісіне айрықша құқық өзгеге беру шарты бойынша берілуі мүмкін.

Егер тауар белгісіне айрықша құқық беру тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруға себепші болса, оған жол берілмейді.

2. Лицензиялық шарттың, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының немесе өзге де шарттың (лицензиялық шарт) талаптарына сәйкес иесі (лицензиат) болып табылмайтын кез келген тұлға қорғалатын тауар белгісін иесінің (лицензиар) рұқсатымен пайдалануға құқылы.

Тауар белгісін пайдалануға құқық барлық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) не олардың бір бөлігіне қатысты табысталуы мүмкін.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тауар белгісін пайдалануды жүзеге асыруға құқылы.

Тауар белгісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі шарттың талаптарына сәйкес немесе қосымша келісім жасасу жолымен ұзартылуы мүмкін.

Шартта мерзім көрсетілмеген жағдайда, тауар белгісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі осы шарт тіркелген күннен бастап бес жылға тең болады.

Лицензиялық шартта:

1) тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасын тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) тауарлары (көрсететін қызметтері) сапасынан төмен болмайтындай етіп сақтау;

2) тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) өз тауарлары (көрсететін қызметтері) сапасын бақылауды жүзеге асыру құқығы туралы талаптар қамтылуға тиіс.

Тауар белгісіне айрықша құқықты басқа тұлғаға беру шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

3. Барлық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) қатысты тауар белгісіне айрықша құқық және оны пайдалануға құқық кепіл нысаналары бола алады.

4. Осы бапта көрсетілген шарттар мен қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге жатады.

5. Айрықша құқық беру немесе лицензиялық шарт осы шарттың мүдделі тарапының өтініші алынған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде тіркелуге жатады.

6. Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Шарттың тоқтатылуына байланысты Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізу немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тіркеудің күшін жою шарттың мүдделі тарапының өтініші келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тіркеу туралы мәліметтерде мүдделі тұлғаның өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және шарттың басқа мүдделі тараптарына жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда, олардың тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

7. Тауар белгісіне құқық беру осы Заңда айқындалатын тәртіппен Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеледі.

8. Мыналар:

1) тауар белгісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің болуы;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбау не ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміндегі немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа

сәйкес жүргізілетін тізілімдегі мәліметтерге сәйкес келмеуі тауар белгісіне құқық беруді немесе оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздер болып табылады.

9. Осы баптың 8-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды жою туралы сұрау салу жіберіледі.

Тіркеу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға тоқтатыла тұрады.

10. Мыналар:

1) тауар белгісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданылу мерзімін қалпына келтіруге арналған мерзімнің өтуі;

2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоюға арналған мерзімнің өтуі;

3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;

4) тауар белгісіне айрықша құқыққа билік ету құқығын тіркеудің болмауы;

5) тауар белгісіне құқық берілген жағдайда тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыру;

б) тарапта тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстауға кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы тауар белгісіне құқық беруді немесе оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

Тауар белгісіне айрықша құқықтың қолданысын тоқтату лицензиялық шарттың қолданылуын тоқтатуға алып келеді.";

"23-бап. Тауар белгісін тіркеуге дау айту және оны жарамсыз деп тану

1. Тауар белгісін тіркеуге, егер ол осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларын қоспағанда, 6 және 7-баптарында белгіленген талаптар бұзыла отырып жүзеге асырылса, бүкіл қолданылу мерзімі ішінде немесе, егер ол осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында белгіленген талаптар бұзыла отырып жүзеге асырылса, тауар белгісі тіркелген күннен бастап бес жыл ішінде дау айтылуы және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін. Осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша тауар белгісін тіркеуге қарсылықты уәкілетті органға кез келген мүдделі тұлға беруге құқылы.

2. Тауар белгісін тіркеуге, егер ол Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елдердің бірінде бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар белгісінің иесі болып табылатын өкілдің атына жүргізілсе, қатысушы елдердің рұқсатынсыз бүкіл қолданылу мерзімі ішінде дау айтылуы және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін. Осы тармақта көрсетілген негіз бойынша тауар белгісін тіркеуге қарсылықты уәкілетті органға Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елдердің бірінде тіркелген тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) беруге құқылы.

3. Тауар белгісін тіркеуге, егер тауар белгісі біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқығы Қазақстан Республикасында тауар белгісінің басымдығы күнінен ерте туындаған басқа тұлғаның фирмалық атауымен

бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болып табылса, дау айтылуы және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Осы тармақта көрсетілген негіз бойынша тауар белгісін тіркеуге қарсылықты уәкілетті органға фирмалық атауы біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты тіркелген тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болып табылатын заңды тұлға беруге құқылы.

4. Тауар белгісін тіркеуге қарсылықты апелляциялық кеңес ол келіп түскен күннен бастап алты ай ішінде қарауға тиіс. Қарсылық берген тұлғаның, сондай-ақ тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) дауды қарауға қатысуға құқығы бар.

5. Сараптама ұйымы тауар белгісін тіркеуді жарамсыз деп тануға байланысты оның күшін жою туралы жазбаны Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізеді және бұл туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

Тауар белгісін тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайда, сараптама ұйымы жекелеген тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ішінара осы тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін тауар белгісін тіркеудің күшін жою туралы жазбаны Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізеді, күшін жою туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады.";

21) 24-баптың 1-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) – жеке тұлғаның қайтыс болуына, заңды тұлғаның таратылуына байланысты;"

мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болуына орай, егер осындай тауар белгісін пайдалану тұтынушыны тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруы мүмкін болса, тоқтатылады.";

22) 29-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адами факторлармен айқындалатын тауардың ерекше қасиеттерінің сипаттамасын немесе оның сапасы, репутациясы, басқа да сипаттамалары туралы ақпаратты;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер атауы тауар шығарылған жердің атауы ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасының аумағында орналасса, өтінімге жергілікті атқарушы органның өтінім беруші осы географиялық объектінің шекараларында тауар өндіретіні туралы қорытындысы, сондай-ақ мынадай өлшемшарттардың бірін: мәлімделген тауар өз саласына жатқызылатын уәкілетті орган берген, негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адами факторлармен

айқындалатын ерекше қасиеттерін, сапасын, репутациясын немесе басқа да сипаттамаларын растайтын құжат қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тауар шығарылған жердің бұрын тіркелген атауына құқықты табыстауға арналған өтінімге жергілікті атқарушы органның өтінім беруші осы географиялық объектінің шекараларында тауар өндіретіні туралы қорытындысы, сондай-ақ Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген ерекше қасиеттердің бар екенін растайтын, мәлімделген тауар өз саласына жатқызылатын уәкілетті орган берген құжат қоса беріледі.

Өтінімге сараптама ұйымының сараптама жүргізу жөніндегі көрсететін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат та қоса беріледі. Іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда, өтінімге сенімхаттың көшірмесі қоса беріледі.";

5-тармақ алып тасталсын;

23) 30-баптың 1-тармағындағы "алты ай" деген сөздер "отыз жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 31-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "уәкілетті орган" деген сөздер алып тасталып, 3) тармақшасындағы "қабылдайды" деген сөз "қабылданады" деген сөзбен ауыстырылсын;

25) 33-баптың 2-тармағы "тізіліміне" деген сөзден кейін "және куәлікке" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау

Тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге жататын, Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтерді сараптама ұйымы Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне олар жазылғаннан кейін екі ай ішінде бюллетеньде жариялайды және өзінің интернет-ресурсына тікелей орналастырады. Тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге қатысты өзгерістерді сараптама ұйымы Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өзінің интернет-ресурсына орналастырады және мәліметтер Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізілгеннен кейін келесі айдың бюллетенінде жариялайды.";

27) 37-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесіне оны пайдалану құқығы тиесілі болады. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы оның иесінде тауар белгісі Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркелген күннен бастап туындайды.";

28) 40-баптың 4-тармағында:

"Тауар шығарылған жер атауын тіркеу және (немесе) тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы қолданылуын тоқтатқан немесе олар жарамсыз деп танылған кезде

сараптама жасау ұйымы" деген сөздер "Сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оларды жою туралы жазба енгізеді" деген сөздер "тауар шығарылған жердің атауын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеудің қолданысын тоқтату туралы жазбаны енгізеді, бұл туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды және өзінің интернет-ресурсына орналастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 41 және 41-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті органның жанындағы, өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы орган болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске:

1) сараптама ұйымының тауар белгісін тіркеуден бас тарту, оның ішінде Мадрид келісіміне хаттаманың 5-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес мәлімделген тауар белгісіне құқықтық қорғауды беруден бас тарту туралы шешімдеріне;

2) сараптама ұйымының тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеуден және (немесе) табыстаудан бас тарту туралы шешімдеріне;

3) тауар белгісін, оның ішінде Мадрид келісіміне хаттаманың 5-бабының 6-тармағына сәйкес тіркеуге;

4) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеуге және (немесе) табыстауға қарсылықтар берілуі мүмкін.

Көрсетілген қарсылықтарды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

3. Апелляциялық кеңестің құрамына кәсіпкерлік жөніндегі және тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдардан қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс.

4. Апелляциялық кеңестің құрамына мыналар кіре алмайды:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдер;

2) жұбайлары, жақын туыстары немесе жекжаттары;

3) сараптама ұйымының қызметкерлері.

5. Апелляциялық кеңестің кез келген мүшесі:

1) осы баптың 4-тармағының негізінде апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар мәлімдеген өздігінен бас тарту немесе қарсылық білдіру жағдайында;

2) еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты болмаған жағдайда ауыстырылуы мүмкін.

6. Апелляциялық кеңестің әрбір отырысы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бейнетүсіру қолданылып жүргізіледі.";

"41-2-бап. Қарсылықты қарау

1. Қарсылықты қарауды апелляциялық кеңес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және осы Заңда көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.

2. Қарсылық беруге арналған мерзім өткізіп алынған кезде апелляциялық кеңес ұсынылған құжаттардың негізінде мерзімді өткізіп алу себептері дәлелді деп танылған жағдайда, оны қарауға қабылдай алады.

3. Қарсылықты қарау мерзімі өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Апелляциялық кеңес:

1) қарсылықты мәлімдеуші қарсылықты өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген жағдайды қоспағанда, өзі келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақыттың қажеттігі туралы өтінішхат берген жағдайда, отырыс өткізілетін күнді ауыстыруға құқылы.

5. Апелляциялық кеңес мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қараудан бас тарту туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық кеңес қарсылықтың нысанасын немесе негізін өз бастамасы бойынша өзгертуге құқылы емес.

6. Апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қарсылықты қараған кезде тең құқықтарды пайдаланады. Апелляциялық кеңестің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

7. Қабылданған шешім шығарылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты мәлімдеушіге жіберіледі.

8. Апелляциялық кеңес қарсылықты мәлімдеушінің өтінішхаты бойынша қарсылықты қараусыз қалдыра алады. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді.

9. Қабылданған шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

30) мынадай мазмұндағы 41-3 және 41-4-баптармен толықтырылсын:

"41-3-бап. Апелляциялық кеңестің шешіміндегі қате жазуларды және айқын техникалық қателерді түзету

1. Шешім шығарған апелляциялық кеңес қарсылық бойынша шешім жарияланғаннан кейін оның күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы емес.

2. Апелляциялық кеңес шешімде жіберілген қате жазуларды немесе айқын техникалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе қарсылықты қарауға қатысатын тұлғалардың өтініші бойынша түзете алады.

Түзетулер енгізу туралы мәселе апелляциялық кеңестің отырысында шешіледі. Қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаларға апелляциялық кеңес отырысының уақыты

мен орны туралы хабар беріледі, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

3. Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің қосымша шешімімен ресімделеді.

41-4-бап. Қарсылықты қараусыз қалдыру

1. Апелляциялық кеңес, егер:

1) қарсылық берген, апелляциялық кеңес отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабар берілген, қарсылықты өзі болмағанда қарау туралы мәлімдемеген тұлға апелляциялық кеңестің отырысына екінші рет шақырғанда келмесе ;

2) қарсылық берген тұлғаның өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы өтінішхаты болса, қарсылықты қараусыз қалдырады.

2. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасына түсіріледі.";

31) 42 және 43-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"42-бап. Дауларды қарау

1. Мынадай даулар сот тәртібімен қаралады:

1) тауар белгісіне немесе тауар шығарылған жердің атауына куәлік берудің құқыққа сыйымдылығы туралы;

2) тауар белгісінің пайдаланылмауына байланысты оны тіркеу әрекетіне қарсы;

3) тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) айрықша құқығын немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзу туралы;

4) тауар белгісін пайдалануға лицензиялық шарттарды жасасу және орындау туралы ;

5) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудың құқыққа сыйымдылығы туралы;

6) егер тауар белгісін пайдалану тұтынушыны тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруға қабілетті болған жағдайда, Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар белгісін тіркеудің қолданысын тоқтату туралы;

7) куәліктен туындайтын құқықтарды қорғауға байланысты басқа да даулар.

Даулар осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілгендерін қоспағанда, тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация тәртібімен шешілуі немесе төреліктің қарауына берілуі мүмкін.

Уәкілетті органның осы Заңның 41-бабының 2-тармағында көрсетілген шешімдеріне өтініштер тиісті қарсылықтар апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.

2. Сараптама ұйымы соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын

тіркеудің қолданысын тоқтатуды, тауар белгісін пайдалану құқығын табыстауды немесе тауар белгісінің иесін (құқық иеленушіні) өзгертуді тіркеудің күшін жоюды қоса алғанда, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне және Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне тиісті өзгерістер енгізеді, тіркеуге қатысты өзгерістер туралы мәліметтерді жариялайды.

43-бап. Тауар белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық

1. Біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты, ал жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі жағдайында – барлық тауарларға және көрсетілетін қызметтерге қатысты айналымға тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) келісімінсіз немесе тауар шығарылған жердің атауы немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер иесінің келісімінсіз енгізу тауар белгісіне айрықша құқықты немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзу деп танылады.

Тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану да тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің айрықша құқығын бұзу деп танылады.

2. Тауар белгісіне айрықша құқықты немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзғаны үшін, оның ішінде оларды орналастырғаны не оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді тауарға немесе оның қаптамасына орналастырғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

32) мынадай мазмұндағы 43-1-баппен толықтырылсын:

"43-1-бап. Тауар белгісіне айрықша құқықты түбегейлі пайдалану

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кез келгенінің аумағында айналымға құқыққа сыйымды енгізілген тауарларға қатысты осы тауар белгісін тікелей тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе оның келісімімен басқа да тұлғалардың пайдалануы тауар белгісіне айрықша құқықты бұзу болып табылмайды.";

33) 44 және 45-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"44-бап. Тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің құқығын қорғау тәсілдері

1. Тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің құқығын бұзған тұлға бұзушылықты дереу тоқтатуға және тауар белгісінің иесіне (құқық иеленушіге) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесіне ол шеккен залалдарды өтеуге міндетті.

2. Тауар белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені немесе жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін

пайдаланудың құқыққа сыйымдылығын айқындауға байланысты дауларды сот Қазақстан Республикасының азаматтық процесілік заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Тауар белгісі, тауар шығарылған жердің атауы немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер иесінің келісімінсіз орналастырылған тауар және оның қаптамасы контрафактілік деп танылады. Контрафактілік тауарлар және олардың қаптамалары, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылған саймандар, жабдық немесе өзге де құралдар мен материалдар осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде айналымнан шығарылуға және бұзушының есебінен жойылуға жатады.

4. Тауар иесі осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда контрафактілік тауарлардан және олардың қаптамаларынан заңсыз орналастырылған тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын, оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді алып тастауды талап етуге құқылы.

5. Тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің құқығын бұзған тұлға жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде жұмыстарды орындаумен немесе қызметтер көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

6. Тауар иесі құқық бұзу фактісі дәлелденген кезде залалдарды өтеудің орнына бұзушылықтың сипатын, тауар белгісі, тауар шығарылған жердің атауы немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме тауар иесінің келісімімен орналастырылған біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып, бұзушыдан сот айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап етуге құқылы.

45-бап. Сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төлеу

Сараптама ұйымы тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы Заңның 3-1-бабына сәйкес ақы алады.";

34) 46-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.";

35) 46-2-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"46-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде уәкілетті органның шешімімен патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және патенттік сенім білдірілген өкілді патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізу туралы тиісті мәліметтердің күші жойылады.";

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

36) 47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Халықаралық тіркеу

Жеке және заңды тұлғалар сараптама ұйымы арқылы тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын халықаралық тіркеуге арналған өтінімдер беруге құқылы.

Халықаралық тіркеуге арналған өтінімдерді қарау тәртібін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындайды."

9. "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 181-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 119-құжат):

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Уәкілетті орган

Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) топологияларға құқықтарды құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

топологияларды тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын;

топологияларды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізу және тіркеу туралы куәліктерді, автор куәліктерін беру қағидаларын;

топологияларға айрықша құқық беруді, оларды пайдалануға құқықты табыстауды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын;

Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

2) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық

нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

- 1) топологияларды тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізеді;
- 2) топологияны Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді және тіркеу туралы куәліктерді, автор куәліктерін береді;
- 3) топологияларға айрықша құқық беруді, оларды пайдалануға құқықты табыстауды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркейді;
- 4) Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімін, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;
- 5) Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер береді;
- 6) тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді сараптама ұйымының бюллетенінде жариялайды;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы топологияларды қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.";

3) 8-баптың 5-тармағының екінші, үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркелген топологияға айрықша құқықты өзгеге беру туралы шарт, лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар сараптама ұйымында тіркелуге жатады.

Тіркеу жүргізілмеген, топологияға айрықша құқықты өзгеге беру туралы шарт, лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар сараптама ұйымында тараптардың келісімі бойынша тіркелуі мүмкін.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы айрықша құқық беру туралы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу, оған өзгерістер енгізу, техникалық сипаттағы қателерді түзету, сондай-ақ тіркеудің күшін жою осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

4) 11-баптың 1 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Топология авторы немесе өзге де құқық иеленуші сараптама ұйымына тіркеуге өтінім беру жолымен топологияны тіркеуге құқылы.

Топологияны тіркеу туралы өтінім және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Көрсетілген құжаттар басқа тілде ұсынылған жағдайда, сараптама ұйымы өтінімге қоса берілетін құжаттардағы мәліметтердің аудармасын талап етуге құқылы. Аударма өтініммен бір мезгілде немесе өтінім келіп түскен күннен бастап екі айдан кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.";

"4. Топологияны тіркеу туралы келіп түскен өтінім бойынша сараптама жүргізіледі.

Сараптаманың оң нәтижесі болған кезде топологияны Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу жүзеге асырылады және тіркеу туралы куәлік беріледі.

Өтінім беруші тіркеуге дейін өтінім материалдарын толықтыруға, нақтылауға және түзетуге құқылы.

Құқық иеленуші болып табылмайтын топология авторына сараптама ұйымы автор куәлігін береді.";

6-тармақ алып тасталсын;

5) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдер тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.";

6) 15-2-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"15-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде уәкілетті органның шешімімен патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және патенттік сенім білдірілген өкілді патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізу туралы тиісті мәліметтердің күші жойылады.";

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп

түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тиісті ақпарат көрсетіле отырып, патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін."

10. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 21-баптың 4), 7) және 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) зияткерлік меншікті сақтау мен қорғау саласындағы қызметті ведомствоаралық үйлестіру және осы саладағы уәкілетті органдарға, сондай-ақ мүдделі ұйымдарға әдістемелік көмек көрсету;"

"7) авторлық құқықты ресми тізілімдерде тіркеуді ұйымдастыру;"

"10) патенттік іс саласындағы сараптаманы және авторлық құқықты ресми тізілімдерде тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымның қызметін бақылау;"

2) 23-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы алып тасталсын.

11. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат;

2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 134-баптың 2-тармағы 27) тармақшадағы "орындау саласында жүзеге асырады." деген сөздер "орындау;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

"28) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында жүзеге асырады."

12. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 23-II, 171-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 72-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 18-құжат; № 14, 51-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-баптың 28) тармақшасындағы "шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіленген нәтижелері" деген сөздер "зияткерлік меншік құқығының объектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-бап 8) тармақшадағы "сатып алу қағидаттарына негізделеді." деген сөздер "сатып алу;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) сатып алынатын тауарлар құрамындағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау қағидаттарына негізделеді.";

3) 21-баптың 4-тармағы 2) тармақшадағы "шығыстарды көздеуге міндетті." деген сөздер "шығыстарды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) егер қатысушының пікірі бойынша зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтардың сатып алынатын тауарға қатысы болған жағдайда, осындай құқықтарды растауды беруді көздеуге міндетті.";

4) 39-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "ерекше құқықтарға ие тұлғадан" деген сөздер "айрықша құқықтар расталған жағдайда, осындай құқықтарға ие тұлғадан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларын, 5-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК